



NAZARBAYEV
UNIVERSITY
NATIONAL CONSERVATION
INITIATIVE



асөз хабарламасы



Халықаралық білім беру конференциясы

CLIMATE TALKS

7-8 желтоқсанда Назарбаев Университетінде «Climate talks» халықаралық білім беру конференциясы өтеді. Шараны Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы (БҰҰДБ), Назарбаев Университетінің Тұрақты даму офисі, Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі және "National Conservation Initiative" корпоративтік қоры ұйымдастырып отыр.

Жыл сайынғы «Climate talks» конференциясының мақсаты - жаһандық климаттың өзгеруінің салдары және парниктік газдар шығарындыларын азайту және климаттың өзгеруіне бейімделу бойынша әлемде және елде қабылданып жатқан шаралар, сондай-ақ БҰҰ АӨКК Тараптарының 27-конференциясында қол жеткізілген халықаралық келіссөздердің нәтижелері туралы жастар арасында кеңінен ақпараттандыру және білімді тарату.

Конференцияға климаттың өзгеруі саласындағы сарапшылар, мемлекеттік органдар мен ҰЕҰ өкілдері, университет студенттері мен оқытушылары қатысады.

Конференцияның негізгі тақырыптары келесі бағыттарды қамтиды: «COP 27 – қорытындылары: климаттың өзгеруіне қарсы іс-шараларды жүзеге асыру»; «Климаттың өзгеруін азайту»; және «Климаттық бейімделу және су ресурстары». Конференция парниктік газдар шығарындыларының әдістемесі, жасыл сутегі эволюциясы жүйелері және Қазақстанның көміртегі бейтараптығына жолы, сондай-ақ климаттық траекториялар, Аралды құтқару және Тұран жолбарыстарын бейімдеу сияқты өзекті мәселелердің кең ауқымын қамтиды.

Сонымен қатар конференция аясында «Think Global, Act Local» ұранымен студенттердің жасыл жобалар көрмесі өтеді.

Конференция күндері мен уақыты:

7 желтоқсан сағат 9:30-дан 17:00-ге дейін

8 желтоқсан сағат 9:00-ден 17:00-ге дейін

Аккредитация үшін байланыстар: электрондық пошта: немесе тел.